

**Талдысай ЖОББМ бойынша МІБ жоспарына сәйкес
VI. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ
САПАСЫН БАҚЫЛАУ пункті бойынша анықтамасы**

Күні: 26 тамыз.2025ж

Бақылау тақырыбы: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын» құндылыққа негізделген тәрбие жүйесінің тиімді жүзеге асыру тетіктері.»Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына негізделген мектептің тәрбие жұмысы жоспарын бекіту.

Мақсаты: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын құндылыққа негізделген тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру тетіктерін түсіндіру;

Бақылау объектісі :«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»

Қарау орны: Педагогикалық кеңес

2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы ӘНХ Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұтас тәрбие » бағдарламасының атауын «Адал азамат» деп өзгерту туралы шешім қабылдады.

Негіздемелер: «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 26.05.2025 ж № 123 бұйрық.

Ақтөбе облысының білім басқармасы 15. 08.2025 ж № 341 бұйрық

Әйтеке би ауданының білім бөлімінің 22.08. 2025 ж № 354 бұйрық

Мақсаты:

Білім алушыларды рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу, құндылыққа негізделген тәрбие жүйесін мектептің тәрбие үдерісіне кешенді енгізу және оның тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

«Адал азамат» бағдарламасының мазмұнын тәрбие жұмысының барлық бағыттарына кіріктіру;

Оқушылардың мінез-құлқы мен азаматтық ұстанымын қалыптастыруда құндылықтық тәсілді қолдану;

Сынып жетекшілерінің, педагогтердің және ата-аналардың бірлескен тәрбие жұмысын ұйымдастыру;

Тәрбие жұмысының нәтижелілігін жүйелі бақылау және талдау.

Тиімді жүзеге асыру тетіктері:

1. Мектептің жылдық тәрбие жұмысы жоспарын «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкестендіру;
2. Сынып сағаттары, тәрбие сағаттары, жобалар, акциялар мен іс-шараларды негізгі құндылықтармен байланыстыра өткізу;
3. Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған мектепшілік және мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру;
4. Ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу;
5. Педагогтердің әдістемелік бірлестіктерінде бағдарламаның орындалу барысын талқылау.

Қорытынды:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына негізделген мектептің тәрбие жұмысы жоспары мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілді. Бағдарлама талаптары тәрбие үдерісіне жүйелі түрде енгізіліп, мектепшілік бақылау арқылы орындалуы қадағаланады.

Тәрбие ісінің орынбасары: Мукашева К.С

**Талдысай ЖОББМ бойынша МІБ жоспарына сәйкес
VI. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ
САПАСЫН БАҚЫЛАУ пункті бойынша анықтамасы**
Күні: 30 - қыркүйек .2025ж

Бақылау тақырыбы: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтарын барысы
Мақсаты: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтарын қалыптастыру барысында атқарылған жұмыстарды бақылау

Бақылау түрі: Мектепшілік бақылау

Негіздеме: Мектептің жылдық мектепшілік бақылау жоспарына және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес білім алушылардың бойында еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік құндылықтарын қалыптастыру барысына талдау жүргізілді.

Мақсаты:

Оқушыларды еңбекке баулу, еңбекқорлық пен кәсіби бағдар құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының ұйымдастырылу деңгейін анықтау және оның тиімділігін бағалау.

Бақылау барысында қамтылды:

- Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспарлары;
- Сынып сағаттарының, тәрбие іс-шараларының мазмұны;
- Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының ұйымдастырылуы;
- Оқушылардың еңбекке қатысу белсенділігі;
- Үйірмелер мен факультативтердің жұмысы.

Бақылау нәтижелері:

Бақылау барысында еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтарын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілетіні анықталды. Сынып жетекшілері тәрбие сағаттарында еңбекке құрмет, мамандық таңдаудың маңыздылығы, кәсіби дағдыларды дамыту тақырыптарын қамтыған. Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп, оқушылар түрлі үйірмелерге, қоғамдық пайдалы еңбекке және мектепшілік іс-шараларға белсенді қатысады. Жоғары сынып оқушыларымен болашақ мамандықты саналы таңдауға бағытталған кездесулер мен түсіндіру жұмыстары өткізілген.

Кемшіліктер:

- Кейбір сыныптарда еңбекке баулу бағытындағы іс-шаралардың жүйелілігі жеткіліксіз;
- Практикалық бағыттағы жұмыстардың үлесі аз.

Ұсыныстар:

- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтарына бағытталған іс-шаралардың практикалық мазмұнын арттыру;
- Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту;
- Сынып жетекшілерінің жұмыс тәжірибесін әдістемелік бірлестіктерде тарату.

Қорытынды:

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтарын қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары жалпы талаптарға сай ұйымдастырылған, алайда жұмыстың тиімділігін арттыру үшін ұсыныстарды орындау қажет.

Тәрбие ісінің орынбасары: Мукашева К.С

Мектепшілік бақылау жоспары бойынша АНЫҚТАМА

Күні: 30.09.2025ж

Тақырыбы: «Жолда жүру ережесі» бағдарламасының оқытылуы

Бақылау түрі: Мектепшілік бақылау

Негіздеме: Мектептің жылдық мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес және білім алушылардың жол қозғалысы ережелері туралы білім деңгейін арттыру, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында «Жолда жүру ережесі» бағдарламасының оқытылу барысына бақылау жүргізілді.

Мақсаты:

Оқушылардың жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту және бағдарламаның орындалу деңгейін анықтау.

Бақылау барысында қамтылды:

- Сынып жетекшілерінің және пән мұғалімдерінің жоспарлары;
- «Жолда жүру ережесі» бойынша өткізілген сынып сағаттары мен сабақтар;
- Оқу-әдістемелік құралдардың қолданылуы;
- Көрнекі құралдар мен ақпараттық бұрыштардың жабдықталуы;
- Оқушылардың білім деңгейі мен қатысу белсенділігі.

Бақылау нәтижелері:

Бақылау барысында «Жолда жүру ережесі» бағдарламасы 1-8- сынып сағаттары, тәрбие сағаттары мен кіріктіріліп оқытылады. 1-4-класстардың бағдарламаны тақырыптрын толтыру «Білім класс» журналында сынып сағаттарымен кіріктіріліп толтырылады. 5-8-сыныптарлы ҚББ бөлімінен арнайы бет ашылды. Сабақтарда жол белгілері, бағдаршам сигналдары, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі, қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережелері қамтылған. Мектепте жол қауіпсіздігіне арналған стендтер, бұрыштар ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай практикалық тапсырмалар мен ойын элементтері қолданылған.

1. Мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланған материалдар Ата-аналар мен оқушылар назарына ұсынылады. Жолдағы қауіпсіздік – балалар үшін маңызды!

2. Бастауыш сыныптарда мұғалімдермен бірге “Жол қауіпсіздігінің негізгі ережелері” тақырыбында арнайы сабақтар өтті.

https://www.instagram.com/p/DOK0NcNDACI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

3. 12.09.2025 ж. Талдысай ЖОББМ-де қауіпсіздік сабағы өткізілді.

Сабақ барысында ауылдық учаскелік полиция қызметкері Еңсепбаев Ж.М.

оқушыларға:

- ☐ жолда жүру ережелері,
 - ☐ жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі,
 - ☐ балалардың жол-көлік оқиғаларынан сақтану шаралары туралы түсіндіріп берді.
- ба, 7а-класс оқушыларына түсіндіру жұмысы жүргізілді, видео-материалдар көрсетілді. 2а-сынып оқушыларына практикалық түсіндіру жұмысын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DOgOxOhDJJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Кемшіліктер:

- Кейбір сыныптарда практикалық жаттығулардың жеткіліксіздігі;

Ұсыныстар:

- Жолда жүру ережелері бойынша практикалық сабақтардың санын арттыру;
- Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлескен кездесулер ұйымдастыру;
- Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын күшейту.

Қорытынды:

«Жолда жүру ережесі» бағдарламасының оқытылуы талапқа сай ұйымдастырылған. Бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін ұсынылған шараларды іске асыру қажет.

Тәрбие ісінің орынбасары: Мукашева К.С

Мектепшілік бақылау жоспары бойынша АНЫҚТАМА

Күні: 29.10.2025ж

Тақырыбы:

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың барысы

Бақылау түрі:

Мектепшілік бақылау

Негіздеме:

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспары,

Оқушылар арасында діни ахуалды анықтауға арналған сауалнама қорытындысы

Мақсаты:

Оқушылардың діни сауаттылығын арттыру, радикалды көзқарастардың алдын алу, толеранттылық пен зайырлы қоғам құндылықтарын қалыптастыру және жүргізілген жұмыстардың тиімділігін анықтау.

Бақылау барысында қамтылды:

- Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу тақырыбында өткізілген сынып сағаттары мен іс-шаралар;
- Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары;
- Оқушылардың әлеуметтік жағдайы, намаз оқитын оқушылар мен отбасыларды бақылау
- Оқушылардың сауалнамалары

Бақылау нәтижелері:

02.09.2025 ж «Ақпараттық-түсіндіру және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттаушы топтың құрамын бекіту туралы» бұйрық Әйтеке би ауданының білім бөлімі басшысының «Кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы» жоспары.

Мектепшілік жоспар басшылыққа алынады.

Бақылау барысында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында жоспарлы және жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Сынып сағаттарында зайырлы мемлекет ұстанымдары, дәстүрлі дін құндылықтары, радикалды ағымдардың зияны, интернеттегі қауіпті ақпараттардан сақтану жолдары түсіндірілген.

Мектепте, оқушылар мен ата-аналарға арналған жадынамалар таратылған. Әлеуметтік желіге жарияланымдар жарияланды. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде оқушылар арасында діни ахуалға кері әсерін беретін жауаптар байқалмады. Мектеп бойынша намаз оқитын оқушы жоқ. Жат ағымға бейім, орамал тартатын оқушы, ата-ана байқалмады.

Кемшіліктер:

- Кейбір сыныптарда тақырыптық іс-шаралардың жүйелілігі жеткіліксіз;

Ұсыныстар:

- Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту;
- Мамандармен бірлескен кездесулерді жиі ұйымдастыру;
- Ата-аналармен ақпараттық жұмыстарды жандандыру.

Қорытынды:

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар талапқа сай жүргізілуде. Алдын алу шаралары тұрақты түрде жалғастырылуы қажет.

Тәрбие ісінің орынбасары: Мукашева К.С

Мектепшілік бақылау жоспары бойынша АНЫҚТАМА

Күні: 20.10.2025ж

Тақырыбы: ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмыстарының жүргізілу барысы
Мақсаты: ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау мақсатындағы іс-шаралар жоспарының орындалу

барысын бақылау не насихаттау жұмыстарының ұйымдастырылу деңгейін анықтау.

Бақылау түрі: Мектепшілік бақылау

Негіздеме: Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік рәміздер туралы» Заңына және тәрбие жұмысының негізгі бағыттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау бойынша жүргізілген жұмыстарға бақылау жүргізілді.

Мақсаты:

Білім алушылардың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, Мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттыру және насихаттау жұмыстарының ұйымдастырылу деңгейін анықтау.

Бақылау барысында қамтылды:

- Тәрбие жұмысы жоспарлары мен сынып жетекшілерінің жоспарлары;
- Мемлекеттік рәміздерге арналған сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары;
- Мемлекеттік рәміздердің мектеп ғимаратында орналастырылуы;
- Көрнекі ақпараттық бұрыштар мен стендтердің жай-күйі;
- Оқушылардың Мемлекеттік рәміздер туралы білім деңгейі.

Бақылау нәтижелері:

Бақылау барысында ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілетіні анықталды. Мектепте Мемлекеттік Ту, Елтаңба талапқа сай орналастырылған, Мемлекеттік Әнұранды орындау дәстүрі сақталған.

Сынып сағаттарында Мемлекеттік рәміздердің шығу тарихы, мағынасы мен маңыздылығы түсіндіріліп, патриоттық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылған. Ақпараттық стендтер жаңартылып, тәрбиелік мазмұнда қолданылуда.

Кемшіліктер:

- Кейбір сыныптарда тақырыптық іс-шаралардың мазмұны жеткілікті деңгейде ашылмаған;
- Оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру жұмыстары аз.

Ұсыныстар:

- Мемлекеттік рәміздерге арналған тәрбиелік іс-шаралардың сапасын арттыру;
- Танымдық, шығармашылық бағыттағы жұмыстарды көбейту;
- Оқушылардың Мемлекеттік рәміздер туралы білімін бекіту мақсатында байқаулар ұйымдастыру.

Қорытынды:

ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмыстары талапқа сай жүргізілуде. Жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында ұсыныстарды іске асыру қажет.

Тәрбие ісінің орынбасары: Мукашева К.С

Талдысай ЖОББМ бойынша МІБ жоспарына сәйкес
VI. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫН
БАҚЫЛАУ пункті бойынша анықтамасы

Күні: 23 - жылтоқсан .2025ж

Бақылау тақырыбы: Бірлік және ынтымақ құндылықтарын қалыптастыру
Жұмыстарының орындалуын бақылау

Бақылау түрі: Мектепшілік бақылау

Негіздеме: Мектептің жылдық мектепшілік бақылау жоспарына және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес білім алушылардың бойында бірлік және ынтымақ құндылықтарын қалыптастыру барысына талдау жүргізілді

Мақсаты: Оқушылар арасында бірлік, ынтымақ, өзара құрмет және толеранттылық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстарының орындалу деңгейін анықтау, олардың тиімділігін талдау.

Бақылау түрі:

Мектепшілік бақылау

Бақылауға алынған сыныптар:

Атқарылған жұмыстар

Мектептің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес бірлік және ынтымақ құндылықтарын қалыптастыру мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

- Сынып сағаттары: *«Бірлік бар жерде – тірлік бар»*, *«Ынтымақ – ел бірлігінің негізі»* тақырыптарында;
- Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған тәрбие сағаттары;
- Топтық жұмыстар, пікірталастар, жағдаяттық тапсырмалар;
- Мектепшілік іс-шаралар мен акцияларға оқушылардың белсенді қатысуы;
- Сынып жетекшілерінің тәрбие бағытындағы жүйелі жұмыстары.

Бақылау нәтижелері

Бақылау барысында:

- Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы оң деңгейде екені;
- Топта жұмыс жасау дағдыларының қалыптасып келе жатқаны;
- Өзара көмек көрсету, сыйластық таныту жағдайларының артқаны;
- Сынып жетекшілерінің жоспарлы және мақсатты жұмыс жүргізетіні анықталды.

Сонымен қатар, кейбір сыныптарда оқушылардың топтық жұмысқа тартылуын арттыру қажеттілігі байқалды.

Қорытынды

Жалпы алғанда, бірлік және ынтымақ құндылықтарын қалыптастыру бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде. Жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылған және оң нәтиже беруде.

Ұсыныстар

1. Топтық және ұжымдық жұмыстардың үлесін арттыру;
2. Практикалық бағыттағы тәрбие іс-шараларын көбейту;
3. Сынып сағаттарында жағдаяттық тапсырмаларды кеңінен қолдану.

Тәрбие ісінің орынбасары: Мукашева К.С

